Gazet - halyqtyń kózi, qulaǵy hám tili

Shet shuǵylasy

Shet aýdandyq qoǵamdyq-saıası gazeti | Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady | beısenbi, 22 jeltoqsan 2022 jyl №51 (11 041)

Облыс әкімі Е.Бөлекпаевтың ауданымызға жасаған іс-сапары

ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА ЖЕТЕЛЕГЕН ЖҮЗДЕСУ

Жуырда ауданымызға жаңа тағайындалған облыс әкімі Бөлекпаев Ермағанбет Қабдулаұлы іс-сапармен болды. Бұл облыс басшысының айтулы лауазымға тағайындалғаннан кейін өзінің туған өлкесіне жасаған алғашқы ресми іс-сапары. Сапар барысында облыс әкімі алдымен Ақсу-Аюлы ауылының маңында орналасқан «СинеМидасСтрой» ЖШС-і базасында республикалық «Алматы-Екатеринбург» тас жолының «Қарағанды-Балқаш» учаскесіне жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарына жауапты басшылықтармен кездесу өткізді. Жол құрылысына жауапты мердігер компаниялары мен республикалық, облыстық басқарма басшылары қатысқан аталмыш кездесуде жолдың сапалы салынуы, жұмысшылардың жұмыс жағдайы мен қаржының толық өтелуі сынды мәселелер көтеріліп, облыс әкімі тарапынан нақты тапсырмалар айтылды.

Облыс әкімі аудан орталығындағы біріктірілген қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде болып, аталмыш мекеме ғимаратына жасалған күрделі жөндеу жұмыстары мен 1 қабатындағы әскерге шақырушылардың медициналық тексерістен өтуіне арналған бөлмелермен танысты. Мұнан соң, іс-сапары іргелі елді мекен Ақадыр кентінде жалғасты.

Кенттегі «Нұрлы жер» бағдарламасы арқылы салынып жатқан 12 пәтерлі екі тұрғын үй мен Ә.Ермеков атындағы мектептің қасбетін жаңарту және жапсарлас спорт зал мен асхана құрылыстарын аралап көрген облыс әкімі бұл нысандарды мерзімінде аяқтай алмай отырған жауапты мердігер басшылықтарын қатаң сынға алып, алдағы аз уақыттың ішінде жұмыстар аяқталмаған жағдайда, заң аясында шара қолданылатынын ескертті. Сонымен қатар, Ақадыр кентіндегі ауруханаға жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу нысанына барды. Құрылыс жұмыстарының барысымен таныстырған аудандық аурухана директоры А.Аманжолов бүгінгі таңда ауданымызда халыққа медициналық қызмет көрсетудің сапасын арттыру мақсатында аудан орталығында ауруханаға жанында бос тұрған 2 қабатты ғимарат пен Ақадыр кенттік ауруханасына облыстық бюджет арқылы күрделі жөндеу жүргізіліп жатқанын айтты. Оның ішінде кенттегі ауруханаға жөндеуі стационарлық блоктан басталды, жылу трассасы, шатыр толығымен ауыстырылды, барлық сыртқы әрлеу жұмыстары аяқталды. Қазір ішкі әрлеу жұмыстары жүріп жатыр. Жаңа жылға дейін біз стационарлық блокты пайдалануға береміз. Екі емхана блогы қалады. Бүгінгі таңда жұмыс 95%-ға аяқталды. Аталмыш ауруханада барлығы 18 дәрігер жұмыс істейді, оның ішінде 5 жалпы тәжірибе дәрігерлері және 13 бейінді маман және 83 орта медициналық қызметкер бар. Ауруханада жалпы тәжірибелік дәрігерлер, анестезиолог, хирург мамандарының тапшы екенін айтты. Аурухана директорының айтуынша “Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту” ұлттық жобасы бойынша алдағы екі жыл ішінде аудан аумағында он бір фельдшерлік-акушерлік және он медициналық пункт салынбақ. Қызу түрде қарқын алып жатқан құрылыс нысандарын аралағаннан соң облыс әкімі кенттегі мәдениет үйінде аудан тұрғындарымен кездесу өткізді. Тұрғындарымен өткен кездесуді кіріспе сөзбен ашқан облыс басшысы бүгін сапарларымды сіздерден бастап отырғаныма қуаныштымын. Сіздерді алаңдатып жүрген барлық мәселе бойынша ашық тілдесіп, талқылауды ұсынамын. Көтерілген әрбір мәселе назардан тыс қалмайды, ол бойынша іс-шаралар қолға алынатын болады. Әрине, барлық мәселе бір мезетте шешіледі деп айтпаймын, бірақ жалпы жұмыстар жасалатын болады. Өздеріңізге белгілі Ақадырға көңіл бөлініп, бірқатар мәселелер шешімін тапқан. Ол үшін 2020-2022 жылдар аралығында кентке қомақты қаржы бөлінген болатын. Бұл қарқынды төмендетпей әрі қарай жалғасатындығын айтып, аудан әкімі М.Мұхтаровқа сөз берді.

Аудан әкімі биылғы жылы атқарылған жұмыстарға тоқталып, алдағы жоспарларымен бөлісті. Қысқаша жасаған баяндамасында биылғы жылы ”Ауыл - Ел бесігі” бағдарламасы аясында Ақжал кентінің 15 көшесіне жөндеу жұмыстары жүргізілген. Нәтижесінде кенттің барлық көшелері толықтай асфальтпен қамтылды. Ауыз су мәселесі бойынша Бұрма ауылында су құбыры салынды. Алдағы көктемде 274 тұрғын үйге ауыз су қосылады. Сондай-ақ, аудандық бюджет есебінен Нұраталды, Үңірек және Ақшатау ауылдарында ұңғымаларды бұрғылауға және Кеншоқы, Тағылы, Дәрия, Красная Поляна және Батық ауылдық округтерінде су құбырларын жөндеуге қаражат бөлінген. Ал, 8 елді мекенде жарықтандыру жүргізіліп, 263 жарықшамдар мен бағаналар орнатылса, 8 елді мекеннің жалпы ұзындығы 47 шақырымды құрайтын ауылішілік және аудандық маңызы бар жолдар жөнделгенін атап өтті. Аудан басшысының ақпаратына сәйкес алдағы жылы жұртшылықты бұқаралық спортқа тартуға көп көңіл бөлінбек. Мәселен, биыл Ақсу-Аюлы, Ақадыр, Мойынты елді мекендерінде салынатын дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің болашақ ғимараттарының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге мердігерлер анықталған.

⇨2-ші бетте.

БАСПАСӨЗ-2023
ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!
2023 ЖЫЛҒА “ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ” ЖӘНЕ “ШЕТ ӨҢІРІ” ГАЗЕТТЕРІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСУДА.

АУДАНДЫҚ “ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ” ГАЗЕТІНЕ 6 АЙҒА 1957.60, БІР ЖЫЛҒА 3915.20 ТЕҢГЕ ИНДЕКСІ 65049

“ШЕТ ӨҢІРІ” ГАЗЕТІНЕ 6 АЙҒА 1957.60 ТЕҢГЕ, БІР ЖЫЛҒА 3915.20 ТЕҢГЕ ИНДЕКСІ 65060

АУДАНДЫҚ АПТАЛЫҚ БАСЫЛЫМДАРҒА “ҚАЗПОЧТА” АҚ ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРЛЕРДЕГІ БАЙЛАНЫС БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ.

Облыс әкімі Е.Бөлекпаевтың ауданымызға жасаған іс-сапары

ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА ЖЕТЕЛЕГЕН ЖҮЗДЕСУ

⇨1-ші беттен.

Сондай-ақ, алдағы екі жылда республикалық “Жайлы мектеп” жобасы бойынша С.Сейфуллин кенті мен аудан орталығында тиісінше 200 және 300 орындық екі мектеп салу жоспарланған.

Мұнан соң кездесудің басым уақыты тұрғындардың өтініш-сауалдарына ұласып, кездесуге қатысып отырған азаматтар өздерінің ой-пікірлерімен бөлісіп, өтініш-тілектерін де жеткізді.

Ақадыр кенті Ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Алпысбаев кенттің өсіп-өркендеуіне байланысты атқарылған жұмыстарды айта келе, кентке орталықтандырылған жылу қазандығын салу мәселесі қарастырылса деген ойын айтты. Облыс әкімі кезінде жылу беру орталығының жұмыс істеп тұрғандығын, Ақадырға келгенде қалада жүргендей сезінетінін жасырмай, бұл мәселе болашақта шешімін тауып қалуы да мүмкін екенін айтты.

Ақсу-Аюлы тұрғыны Е.Жәнібеков, кент тұрғыны К.Аяпбергеновтер мал жайылымына қатысты мәселе көтерді. Бұл мәселені шешу аудан әкімінің орынбасары М.Жұмкинге тапсырылды.

Босаға ауылынан келген Қалдыбеков Жомарт есімді ақсақал облыс әкімін қызметімен құттықтап, ауыл тұрғындары атынан Босаға ауылында кәсіпкерлердің демеуімен және аудан әкімінің қолдауымен өрт сөндіру бекетінің ашылғанын, оған арнайы көліктің де сатып алынғанын айтып, ауылға дәрігерлік пункттің керек екенін, осыған ықпал етсеңіздер деген өтінішін айтты.

Бұл сауалға облыс әкімі Қарағанды облысы бойынша сондай медпункттардың 92-і салынатынын, соның 21-і Шет ауданында салынатынын айтты. Сондай-ақ, кент тұрғыны Жазықбаев Нұрлан есімді азамат өзі тұратын көшенің қарын қанша күрегенімен лезде қар алып қалатынынын, осыған орай қар тоқтатуды ойластырса деген өтінішін айтты. Бұл мәселені аудан әкімі құптап, жазда шарбақпен қоршатып беруге уәде берді. Кездесуде сондай-ақ, тоқ жүйесі, газ бағалары мен учаскелік полиция инспекторларының жетіспеушілігі сынды бірқатар әлеуметтік маңызы бар мәселелер де көтерілді. Өз кезегінде облыс әкімі әрбір тұрғынның сауалына жіті назар аударып, көтерілген барлық мәселенің жұмыс жоспарына алынатынын жеткізді. Кездесу соңында тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, тиісті басшылыққа бірқатар тапсырмалар берді.

Өз тілшімізден.

Аудандық мәслихатта

Аудандық мәслихаттың кезектен тыс XVIII-сессиясы туралы АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2022 жылдың 15 желтоқсан күні аудан әкімінің ұсынысы бойынша жетінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезектен тыс он сегізінші сессиясы онлайн режимде шақырылды.

Сессия жұмысын аудандық мәслихаттың хатшысы Саят Социал ашып, жүргізіп отырды.

Сессия жұмысына аудан әкімінің орынбасарлары, ауылдық округ және кенттер әкімдері және кейбір аудандық мекеме басшылары қатысты.

Аудандық мәслихаттың кезектен тыс он сегізінші сессиясының қарауына келесі мәселе ұсынылды:

1. Шет ауданының жерлерін аймақтарға бөлу жобасын (схемасын) бекіту және жер салығының мөлшерлемелерін арттыру және азайту туралы.

Депутаттар сессияның күн тәртібін бірауыздан қолдап, бекітті.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша «Шет ауданының жерлерін аймақтарға бөлу жобасын (схемасын) бекіту және жер салығының мөлшерлемелерін арттыру және азайту туралы» аудан әкімінің орынбасары М.Жұмкин хабарлама жасап, Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 8 бабы 2 тармағына, Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексінің 510 бабының 1 тармағына сәйкес, Шет ауданының жерлерін аймақтарға бөлу жобасын (схемасын) бекіту және жер салығының мөлшерлемелерін арттыру және азайту туралы нормативтік-құқықтық акт әзірленіп, ауданның елді мекен жерлерінің орналасу аймақтарына қарай методологияға сәйкес салықтық пайыздық көрсеткіштерді бекіту ұсынылып отырғанын айтып өтті.

Қаралып отырған мәселе бойынша аудандық мәслихаттың хатшысы С.Социал өз ұсыныс-пікірін білдіріп, жер салығының мөлшерлемесін арттыру және азайту жөнінде ұсынылып отырған өзгерістер туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын кеңінен жүргізу қажеттігіне тоқталды.

Күн тәртібіндегі енгізілген мәселе жөнінде айтылған ұсыныс-пікірлерді ескере отырып, шешім қабылданып бекітілді.

Осымен аудандық мәслихаттың кезектен тыс он сегізінші сессиясы өз жұмысын аяқтады.

Редакция почтасынан

АЛҒЫС АЙТСАҚ ДЕП ЕДІК

Біз Ақадыр кентінің тұрғындары Шет аудандық “Шет шұғыласы” газеті арқылы кенттегі жұмыспен қамту бөлімінің жұмыскерлеріне үлкен алғысымызды білдіргіміз келеді.

Кенттің көркейуіне үлкен үлес қосып жүрген осы азаматтардың жұмысын елеп, ескерулеріңізді сұраймыз.

Қыс айларында ел жүретін тротуарларды тазалап, мұзын ойып, қар күреп, көше тазалап халықтың алғысына бөленуде. Ал, жаз айларында көшелерді күл-қоқыстан тазалап, арам шөптерін жұлып, сырлау, әктеу жұмыстарымен қатар, ағаш егу, оны суарып күтім жасайды.

Шөптен аллергиясы бар тұрғындар еркін тыныстап, осы жұмыскерлерге ризашылықтарын білдіруде. Осы мекеменің басшысы Спатаева Ақерке сыпайы, өзінің білімділігімен көпке жаққан адам.

Шет ауданының басшыларынан және Ақадыр кентінің әкімінен осы азаматтарды әр кезде мадақтап, көтермелеп, келе жатқан жаңа жыл мерекесіне қайырымдылық шараларын ұйымдастырып, азық-түліктен, мерекелік сыйсияпаттармен көмектессеңіздер екен. Бұл жұмыскерлер мүмкіндігі шектеулі жанұяларға жатады. Сондықтан әрқайсына көмек қолын созып, олардың әрі қарай ықыласпен жұмыс істеулеріне ықпал етсеңіздер нұр үстіне нұр болар еді.

Осы мүмкіндікті пайдаланып, ақадырлықтарды және барша аудан тұрғындарын келе жатқан Жаңа жылмен құттықтай отырып, әрбір отбасына бақыт, береке-бірлік, зор денсаулық тілейміз!

Осы мақаланы жазып, Сіздерге өтініш білдірушілер Ақадыр кентінің тұрғындары Тасмағамбетова Раушан, зейнеткер Әбдуалиева Зәуре және бір топ кент тұрғындары.

Аудандық мәслихатта

ШЕТ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

15 желтоқсан 2022 жыл 18/191 Ақсу-Аюлы ауылы

Нормативтік құқықтық акт 2022 жылғы 21 желтоқсандағы мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №31190 болып енгізілді.

Шет ауданының жерлерін аймақтарға бөлу жобасын (схемасын) бекіту және жер салығының мөлшерлемелерін арттыру және азайту туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 8 бабы 2 тармағына, Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексінің 510 бабының 1 тармағына сәйкес, Шет аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Шет ауданының жерлерін аймақтарға бөлу жобасы (схемасы) бекітілсін.

2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Шет ауданының жерлерін аймақтарға бөлу жобасының (схемасының) негізінде жер салығының базалық мөлшерлемелеріне жер салығы мөлшерлемелері арттырылсын және азайтылсын.

3. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шет аудандық мәслихатының хатшысы С.СОЦИАЛ.

Шет аудандық мәслихатының 2022 жылғы 15 желтоқсандағы№ 18/191 шешіміне 1 қосымша

ШЕТ АУДАНДЫҢ ЖЕРЛЕРІН АЙМАҚТАРҒА БӨЛУ ЖОБАСЫ (СХЕМАСЫ)



Шет аудандық мәслихатының 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №18/191 шешіміне 2 қосымша

Шет ауданының жерлерін аймақтарға бөлу жобасының (схемасының) негізінде жер салығының базалық мөлшерлемелеріне жер салығы мөлшерлемелерін арттыру және азайтуы

Жер орналастыру аймақтары	пайызын арттыру, азайту
Ақадыр кенті 1	+50%
Ақжал кенті 1	+50%
Ақшатау кенті 1	+30%
Дәрия кенті 1	+30%
Жамбыл кенті 1	-50%
Мойынты кенті 1	+50%
Сәкен Сейфуллин кенті 1	+50%
Ақадыр кенті округі 1 3 4	 +10% +40% +40%
Ақой ауылдық округі 1 3 4	 +50% +50% +50%
Ақжал кенті округі 1 3 4	 +10% +50% +50%
Ақсу-Аюлы ауылдық округі 1 Ақсу-Аюлы ауылы Еңбекшіл ауылы Қайрақты ауылы Ақтөбе ауылы Ақсу ауылы 3 4	 +50% +30% +20% +50% +50%
Ақшатау кенті округі 1: Жарылғап Батыр ауылы Қарғалы ауылы 3 4	 +10% +50% +50%
Ақшоқы ауылдық округі 1: Ақшоқы ауылы Ақбауыр ауылы 3 4	 +50% +30% +50% +50%
Батық ауылдық округі 1 3 4	 +50% +40% +40%
Босаға ауылдық округі 1 3 4	 +40% +40% +40%
Бұрма ауылдық округі 1: Бұрма ауылы Мұқтар ауылы 3 4	 +50% +10% +50% +50%
Кәрім Мыңбаев ауылдық округі 1 3 4	 +10% +30% +30%
Кеншоқы ауылдық округі 1 3	 +50% +50%
Киікті ауылдық округі 1 3	 +30% +30%
Көктіңкөлі ауылдық округі 1: Көктіңкөлі ауылы Ақжол ауылы Әлихан ауылы Жыланды ауылы Көктіңкөлі станциясы 3 4	 +40% +10% +50% +50%
Красная Поляна ауылдық округі 1: Красная Поляна ауылы Бекет ауылы Қарамұрын ауылы Деріпсал ауылы 3 4	 +50% +30% +20% +10% +50% +50%
Төменгі Қайрақты ауылдық округі 1: Төменгі Қайрақты ауылы Жоғарғы Қайрақты ауылы 3 4	 +50% +10% +50% +50%
Нұраталды ауылдық округі 1: Қошқарбай ауылы Ақсу ауылы Қызылқой ауылы Шопа ауылы Аққияқ ауылы 3 4	 +50% +30% +10% +50% +50%
Ортау ауылдық округі 1: Ортау ауылы Босаға ауылы Сарыбұлақ ауылы 3 4	 +30% +10% +40% +40%
Тағылы ауылдық округі 1: Жұмыскер ауылы Қарасаз ауылы Қызылтау ауылы 3 4	 +50% +10% +50% +50%
Талды ауылдық округі 1: Талды ауылы Жаңажұрт ауылы Берекетті ауылы 3 4	 +50% +20% +50% +50%
Өспен ауылдық округі 1: Өспен ауылы Еркіндік ауылы Айса станциясы Айғыржал ауылы 3 4	 +50% +40% +20% +10% +50% +50%
Шет ауылдық округі 1: Үңірек ауылы Тұмсық ауылы Қармыс ауылы Құттыбай ауылы 3 4	 +50% +20% +10% +50% +50%
Мойынты кенті округі 1 3 4	 +10% +50% +50%
Аудандық босалқы жерлер 3	 +30%

РЕШЕНИЕ ШЕТСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

15 декабря 2022 г. №18/191 с.Аксу-Аюлы

Нормативтік құқықтық акт 2022 жылғы 21 желтоқсандағы мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №31190 болып енгізілді.

Об утверждении проекта (схемы) зонирования земель, повышении и понижении ставок земельного налога Шетского района

В соответствии с пунктом 2 статьи 8 Земельного кодекса Республики Казахстан, пунктом 1 статьи 510 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс), маслихат Шетского района **РЕШИЛ:**

1. Утвердить проект (схему) зонирования земель Шетского района согласно приложению 1 к настоящему решению.

2. Повысить и понизить ставки земельного налога от базовых ставок земельного налога на основании проекта (схемы) зонирования земель Шетского района согласно приложению 2 к настоящему решению.

3. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2023 года.

Секретарь Шетского районного маслихата С.СОЦИАЛ.

Приложение 1 к решению Шетского районного маслихатаот 15 декабря 2022 года№ 18/191

ПРОЕКТ (СХЕМА) ЗОНИРОВАНИЯ ЗЕМЕЛЬ ШЕТСКОГО РАЙОНА

Приложение 2 к решению Шетского районного маслихатаот 15 декабря 2022 года №18/191

Повышение и понижение ставок земельного налога от базовых ставок земельного налога на основании проекта (схемы) зонирования земель Шетского района

Зоны расположения земель	процент повышения, понижения
поселок Агадырь	
1	+50%
поселок Акжал	
1	+50%
поселок Акчатау	
1	+30%
поселок Дария	
1	+30%
поселок Жамбыл	
1	-50%
поселок Мойынты	
1	+50%
поселок Сакен Сейфуллин	
1	+50%
Агадырский поселковый округ	
1	+10%
3	+40%
4	+40%
Акойский сельский округ	
1	+50%
3	+50%
4	+50%
Акжалский поселковый округ	
1	+10%
3	+50%
4	+50%
Аксу-Аюлинский сельский округ	
1:	
село Аксу-Аюлы	+50%
село Енбекшил	+30%
село Кайракты	
село Актюбе	+20%
село Аксу	
3	+50%
4	+50%
Акчатауский поселковый округ	
1:	
село Жарылгап Батыр	+10%
село Каргалы	
3	+50%
4	+50%
Акшокинский сельский округ	
1:	
село Акшокы	+50%
село Акбауыр	+30%
3	+50%
4	+50%
Батыкский сельский округ	
1	+50%
3	+40%
4	+40%
Босагинский сельский округ	
1	+40%
3	+40%
4	+40%
Бурминский сельский округ	
1:	
село Бурма	+50%
село Мухтар	+10%
3	+50%
4	+50%
сельский округ Карима Мынбаева	
1	+10%
3	+30%
4	+30%
Кеншокинский сельский округ	
1	+50%
3	+50%
Кийктинский сельский округ	
1	+30%
3	+30%
Коктенкольский сельский округ	
1:	
село Коктенколь	+40%
село Акжол	+10%
село Алихан	
село Жыланды	
станция Коктенколь	
3	+50%
4	+50%
Краснополянский сельский округ	
1:	
село Красная Поляна	+50%
село Пикет	+30%
село Карамурун	+20%
село Дерипсал	+10%
3	+50%
4	+50%
Нижнекайрактинский сельский округ	
1:	
село Нижние Кайракты	+50%
село Верхние Кайракты	+10%
3	+50%
4	+50%
Нураталдинский сельский округ	
1:	
село Кошкарбай	+50%
село Аксу	+30%
село Кызылкой	
село Шопа	
село Аккияк	+10%
3	+50%
4	+50%
Ортауский сельский округ	
1:	
село Ортау	+30%
село Босага	+10%
село Сарыбулак	
3	+40%
4	+40%
Таглинский сельский округ	
1:	
село Жумыскер	+50%
село Карасаз	+10%
село Кызылту	
3	+50%
4	+50%
Талдинский сельский округ	
1:	
село Талды	+50%
село Жанажурт	+20%
село Берекетти	
3	+50%
4	+50%
Успенский сельский округ	
1:	
село Успенское	+50%
село Еркиндык	+40%
станция Айса	+20%
село Айгыржал	+10%
3	+50%
4	+50%
Шетский сельский округ	
1:	
село Унрек	+50%
село Тумсук	+20%
село Кармыс	
село Куттыбай	+10%
3	+50%
4	+50%
Мойынтинский поселковый округ	
1	+10%
3	+50%
4	+50%
Земли запаса района	
3	+30%

Сүмелек

(Әңгіме)

Кәмел ЖҮНІСТЕГІ,
жазушы.

Алтынхан ақсақал немересінің тағасы қисайған етігін қалыпқа салып түзеп, қонышының қажаған жеріне жамау салуға оқталып, бізіне қолын созды да, ауыл үсті басқан түтінге қарап, қынжыла бас шайқады. Жаз ортасынан бері осы көз жетер жер түтінге қамалып, мұнартады да тұрады. Терісінен тұрған жел бар түтінді айдап әкеліп, ауылды бөктіріп тастапты. Екі-үш күн түтіннен көздері ашылып, тыныстары кеңейген үлкендер жағы «осы пәледен құтылдық па» десіп, серпілісіп қалған еді, ол үміттері де ұзаққа бармады.

Алтекең жамауға жарар жіп иіріп біраз отырды. Әкесі марқұм осы елге белгілі етікші еді. Сол кісінің қайың шегемен ұлтанды ұстатып, тарамыспен тіккен саптама етіктерін киіп жүргендер әлі бар. Енді тарамыс қайда. Ендігінің адамы Тарамыс алуды да білмейді. Білсе де талайының мойны жар бермейді. Өзім де солардың біріне ұқсап бара жатыр екенмін-ау деп басын шайқады.

Иә, осы елге біраз қызмет істепті. Совхоз дегеннің мүйізін ұстаған нағыздың өзі болмаса да анау тау етегіндегі ең мықты бөлімшесін отыз екі жыл басқарғаны бар. Әкесінен етікшілікті жастай үйренсе де, онысын біржолата алып кете алмады. Тағдыр оған шалабастықты жазыпты. Сонда да қалт еткенде бала-шағасының аяқ-кимінің оны-мұнысын өзі жөндеп тастауды ұмытпаған. Онысын әрі балаларына үлгі деп те есептейтін. Енді міне зейнетке шыққаннан бері сол кәсібін жалғастырып жүр. Ермек қой дейді сұрағанға.

Ащы түтін қолқаны қауып кеңсірігін жыбырлата берді. Бізін былай қоя салып, алысқа мойын соза қараған. Мына таудың іші шудаланған түтінге толы. Әсіресе Қазанғаптың тұсынан қара қошқыл түтін будақ-будақ аспанға атылып жатыр. «Ойпырым-ай, біреудің үйіп қойған маясы болмағай» деп Алтекең іштей қам жеді.

Апта бойы осы өртпен арпалысып Балташ әкім де қалжырапты. Кеше сегіз адамды «әкекөкелеп» зорға жібердім деп таусылып отырғанын көзі көрді. Жанып жатқан менің жерім емес дейді екен осы күнгінің білгіші. Бізді айналып өтеді деп жүргенде Ақтау ауылын әуелі батысынан үпеген өрт, кенет жел бетін бұрып бергенде, шапқан жаудай ауылға қарай лап қойып, мал жайылымын қалдырмай үйтіп өтті. Сол ауылдың пысығы әлгі қалтафонымен тау сыртындағы Әділге «Әй, сен неге сөндірмейсің» деп кіжіндесе, ол «Әй, мен бес күн арпалысып жүрмін. Сен неге шықпадың. Енді өзіңді үйтіп өткенде есің кіріп отыр» деп бас салғанын да Алтекең естіп отырған.

- Не боп барады-ей өзі? - деп басын шайқап, бізін қонышқа шанышты.

- Мына өртке адам бармайды деген қайдан шыққан. Ата-бабаң түтін шықса тайлы-таяғы қалмай атқа қонып, бірінің соңынан бірі сүйреткі салып, қозы жайылым жер бермей аман алып қалушы еді-ау. Енді, мына, қазақ жеке ел болған заманда әркім әр шоқыға шошайып, «Жана берсін, менікі емес» дегенді шығарыпты. О, тоба. Әй, осы ел не боп барады-ей, ә?

Әкім Балташтың таусылып жүргені анау. Өрт - жау. Оған барсаң да барасың, бармасаң да барасың деуге тілі келмеген әкімнен не пайда. Олай деп зорлауға оның хақысы жоқ екен. Бұл не бейшаралық. Сонда біреудің шөбі, біреудің егіні өртенгеніне мәз болып отыруға ана өрттен қашқан пәтшағыр хақылы болған екен ғой. Дүния төңкерілді деген осы да. Тіфу. Ақсақал түкірініп, ақсақ қаздай ырғала басып келе жатқан кемпіріне алара қарады. Бірдемеден жазып қалдым ба деп ақ кемпір жалтақтап, жаулығының, астынан көрінген шашын жасырып, әлек болды да қалды.

- Иә, о несі екен-ей. Алдыңғы күні осы қалың түтін тағы бір тақап берген де құдасының зіңгіттей баласы жүгіріп басып, апалақтап үйіне кірген. Жиырма дегенде балалығы қалмай, отызды аттаса да бір шүйкебасты жетелеп кіруге жарамаған жігіттің асып-сасып жүрісіне таң қалған. Сөйтсе ауыл әкімі, қайтсін енді, үй-үйді аралап, өртке шақырып жүр екен. Әлгі пәтшағыр «бармаймын» деп тіке айтуға сылтау таба алмай алақтап жүргені де сол екен. Естуінше, иә, оны жеткізген осы маңның балалары, зіңгіттей неме шошалаға кіріп кетіпті де, кешке дейін сонда отырыпты. Зеріккеннен іші жарылып кетпей қалай отырды десейші. Осы маңның баласына да жаңа ойын табылды. Бірі өрттен қашқан боп тығылып, оны милиция боп іздесіп, әй-дай бала, біткен у-шу. Япырым-ай, балалардікі бүгін ойын. Ертең ше? Ертең көргені жаңағы жаман қылықты бұлар да жасамасына кім кепіл. Жамандық майлы күйедей жұққыш. Бүгін өртке бармады. Өрт - жау. Ертең жау іргеңе кірсе мына сүмелектер қатын-баласын қорғауға да шықпас. Әй, өзі қазақы намыстан да айырылып болыппыз ғой. Ақ патшасы бар, онан кейінгі қызыл үкіметі бар қазақтың намысқой ер жігіттерін шетінен қыра-қыра жұртта қалдырғаны осындайлар ғана болғаны ма? Шыдай алмады. Күніне бір келіп кететін құдасына көрген-білгенін, естігенін, зіңгіттей жігіт баласының қылығын ашына айтқан. Құдасы да тарс кетті.

- Е, сол ғана бара ма? Барсын басқалары. Күйелеш-күйелеш етер жағдайым жоқ.

А? - деп аңырды Алтекең. - А? Анау Адайдың Қайрошы күнде сабылып жүр ғой. Ештеңесі кеткен жоқ. Бұғылы-Тағылы ата-бабамыздың туып өскен жері емес пе.

- Сөз емес сөзді айтып..., - деп құдасы түнеріп, теріс айнала жөнелді.

- Ары қарай құдасымен тәжікелесіп жата алмай Алтекең пұшайман болып жер шұқып отырып қалған. Енді не айтады. Бір түсінсе іштегі жегі құртай жеген пәлені құдасы түсінер деп еді, оның кейпі анау болды.

- Әттеген-ай, - деген дауысы шығып кетті. Шалының бетіне жалт қараған ақ кемпір таңданып ерінін сылп еткізді.

- Әй, әлгі жалғыз қашан келуші еді, - деп кемпіріне қарады.

- Мен қайдан білейін, - деп ақ кемпір алақанын жайған.

- Жалғызы - баласы. Әлгі бір талап алу заманында бұл бөлімше бастығы емес еді. Ортаның малын «тоқтың қарызы» деп күндіз-түні машина-машина етіп тиеп өткізіп жатқан. Кім біліпті? Сөйтсе, енді ойласа, жемқорлардың өңешіне кетіпті-ау. Талаудан қалған малдан бірер қара үлесіне тиген. Ол өсіп жарытпады. Сонан жалғыз ұлы вахтаға жалданып Шұбаркөл асқан. Әйтеуір жан далбаса, жан сақтаудың амалы. Шұбаркөлдің көмірі жам отынша жанған бірдеме. Лап етеді де сөнеді, қызуын да ұзақ ұстамайды. Қайран Қарағандының көмірі. Осы үкіметтің не ойлағаны бар. Ең болмаса бір шахтаны осы елдің отыны үшін ұстамай ма, ә? Шахтаның бәрі сатылып кетіпті дейді шетелге. Рас па екен, ә? Сонда осы халық не болады деп бір бастықтың ойламағаны ма.

- Е, баласы келе қалса мына өртке өзі-ақ баратынын біледі. Ең болмаса бірәз жұртқа үлгі болар еді-ау. Өзінің отырысы мынау омалып. Осы отты кім жіберді екен, ә? Естуінше соңғы түтін Қармыстың маңынан шығыпты. Әлдебір пысықтың тракторы от құсып айнала жана жөнелгенде әлгі пасық «өрт тауға қарай кетті, өзіміз аманбыз» деп шөбін шауып жүр дейді. Әлгі Тілеутай екі тәулік күндіз-түні отпен арпалысып ақыры құлап түсіпті. Әлгі бір кеніштің қатын әкімі бес-алты адамды тау ішіне «сөндіріңдер» деп апарып тастап, ізім-қайым кетіпті. Екі күн аузына ас түгілі су тимеген сол пақырлар әйтеуір жаяулап ел шетінен іліккенін көзі көрді.

Сол күні екен ғой Сүйінбектің келгені. Сәлемі түзу, ширақ жігіт көрінген. Әлдебір оқуды бітіріп келсе керек. Мәдениет саласына жұмысқа тұрыпты. Айналадағы бар жаңалықты естімпаз кемпірінің сөзіне қарағанда ойып қызмет алған Сүйінбек енді сол саланы біржола меңгеретін болса керек. Осының алдында да бірер келгені бар еді, бір келгені біліс, екіншіде таныс дегендей осы жолы үйге именбей кіріп, музыка қойып, кенже қызы Танагүл, келіні үшеуі емін еркін әңгімеге кіріскенге ұқсаған. Теңселіп басып, анда-санда оларға көз қиығын салып жүрген кемпір ғана. Оның да түсі әлденеге жылитын сияқты. «Өрт мынау, ә, осы отырыстары қызық екен» деп іштей жақтырмай Алтекең тамсанған да қойған.

Есік алдында отырған Алтекеңді көріп, Қатар бұрылды. Бір шаруасымен келген екен, енді өз қыстағына қайтпақ. Ақсақалдың беймазалығын жүзінен танып «Е», - деді ол.

- Ренжіп отырсыз ғой.

- Амал қанша, - деп Алтекең айнала түтінді иегімен нұсқады.

- Біз де үйтіліп біттік. Тағылы, Бұғылы, Қатпар, Бесшоқы сірескен орман еді, бұта да қалған жоқ. Аң екен аң да таза безіп кетті.

- Кімнен кетіпті? - деген сұрағы Алтекеңнің әбестеу шықты.

- Кім дерің бар ма. Әнеу күні бір көк тайыншадай трактор мінген біреудің көлігі от шашып, бұрқ ете қалды. Марат, Сәмбет, ана Кеншоқының біразы келіп, зорға сөндірдік. Әлгі көк тайынша мінгенмен ертеңіне кезіктім.

- Иә.

- Мұның не? - десем «астымдағы трактор емес көк құнан еді. Сол сүрініп жығылып, аузымдағы темекі ұшып кетіп, өрт кетті» деп қарап тұр. Неге сөндірмедің десем, «асығып, әрі жұртты жинайын деп шауып кеттім» дейді. Бұған не айтарсың, - деп күйінді Қатар.

- Неге қайтып келмепті?

- Ол оның ойына да кірді дейсің бе. Қашып құтылғанына риза. Өртті тілсіз жау деуші еді. Жауы жау ғой. Кешегі соғыста майданнан қашқандарды, соғысқа барғысы келмегендерді дезертир деп соттап, жазалап жатты. Ал, мына қашқындарға сондай жаза неге жоқ, ә? Осы үкімет соны неге ойластырмайтынына таңмын. Өрт күні ыңқылдап төсек тарта қалып, кешінде жиналып карта ойнап отырғандарын көргенде таза түңіледі екенсің. Бұларға заң неге жоқ.

Іштегісін ақтарып Қатар кетті. Жанында қалған кемпірі шалына жалтақтай қарап, аулаға кіріп кеткен көршінің тауықтарына «кіш-әй, кіш» деп ұсақ тастарды лақтырған болып отыр. Жалтақтайтын жөні бар. Осының-ақ тауықтары маза бермеді деп жүруші еді, өзінше кегін алыпты. Түнеукүні қораға жем шашып, көршінің тауықтарының киргенін қамап, үш-төртеуін ұстапты да бөтен бір балаларға беріп жіберіпті. Естігенде қаны басына шапты. Қолына қайдан түскені белгісіз, көк шыбықпен кемпірін жон арқадан тартып жіберді. Шойнаңдап басатын кемпірі сондай жерге шоршып түсті. Даусы да бірге шыққан. Бұл өмірінде әйеліне қол жұмсағаны осы шығар.

- Көрші ақысы, құдай ақысы. Құдайдан қорықпайсың ба, деп шыбығын лақтырып жіберген. Әйтеуір, бала-шаға мұнысын көрмеді. Кемпірі кемсең етті де қойды. Содан арқасын өзі сипап, тоң-терісін басқан.

- Ауданның әкімі келіпті - деді кемпірі бір кезде.

- Е. - Алтынхан бәрін естігіш кемпіріне қарады.

- Жанында милициясы бар көрінеді.

- Е, оны біреу ұрлап әкете ме екен, - деп қыжыртты шалы.

- Жоға. Сенде..., - деп кемпірі жақтырмай қалды.

- Енді не қылып жүр.

- Мынау өрттің бетін алуға келсе керек.

Алтекең аласа орындығын шиқылдата қозғалақтап, риза болғанын танытып қақырынды. Пұшпақ бөркін шалқайта киіп, бүйірін таянып, кемпіріне бажайлай қарады.

- Онысы жөн екен. Өзі өстіп қаттырақ қимыл жасамаса мына жұртқа бір қаперсіздік кіріпті. Арты үйтіліп қалғанша отыра беретін түрі бар. Милициясы үйді-үйді аралап жүр екен.

- Е, дұрыс.

- Аурумын дегендерді қарайтын дәрігер де бар көрінеді.

- Пәлі. - Ақсақал риза болып алақанын шарт еткізді.

- Жанында әлгі газетке жазатын адамы да жүр дейді.

- Е, өстіп шаңын қағатын уақыт болды-ау.

- Баяғыда осы ауылдың өзінде «Шаншар», «Істік» деген қос газет болушы еді. Әркімді-ақ аяғынан тәлтіректетіп қоятын. Оны да қойды. Біреудің хақысына тиеді дей ме, әйтеуір жамандықты қорғайтын бопты. Осы елдің де, жердің де ақысы кетіп жатса да «хақы» дегенді тауып алыпты. Осымен де ел көгере ме.

- Кіші, әй, кіш. Шалының көңілі көтерілгенін біліп ақ кемпір көршінің тауығына каттырақ жекіп, бірнеше тасты атып та үлгерді.

- Қойсайшы әуре болмай, - деген шалының сөзі де әлсіздеу шыққан.

- Аулаға жүгіре басып енген Сүйінбек етік жамап отырған Алтекеңе «Ассалау» деуге шамасы зорға жетіп, ентігін баса алмаған қалпы жып етіп үйге кіріп кетті. Тым асығыс екен, жай күйді сұрауға шамасы келмеді-ау деді іштей ақсақал. Жөнін білші дегенді емеурінімен білдіріп, кемпірін жұмсады. Ақ кемпір бөгелді. Үйден баланың жайалығын ала шыққан келінінен:

- Жай жүрме екен? - деп сұрады.

- Әлгі әкім өртке жинап... - деп барып бөгелді келіні.

- Иә.

- Жер сабалап, түтін жұтып не бар онда. Сонан жылыстап...

Алтекең ар жағын тыңдамады. «Әй, мынау өзі... мынау... Сүйінбек емес нағыз сүмелектің өзі екен ғой». Қайда әлгі кемпірі. Есіктен шалының бетіне жалтақтай қарап келе жатқан кемпірі де бір жайсыздықты сезгендей.

- Әй, ананы... ананы үйден қуып шық. Әрмен кетсін пәлекет.

- Ақ кемпір қипалақтап, бірдеме айтқысы келгендей шалының бетіне жаутаңдап қарай берді. Ақсақалдың ашулы жүзіне тіктеп қарай алмай, амалы таусылғандай алақанын жайды да:

- Ол күйеу бала болғалы жүр, - деді.

- Құрысын! - «Құрсын» деген сөзбен бірге Алтекең ойына өткеннің бір сәті оралған. Ту, төңкерістен сәл бұрынғы шаматын. Әкесінің інісі Рахымнан қызы Сәнгүлді айттырған жері қалыңмалын төлеп, енді әкетеді деп отырған. Түнде шыққан өрт елді қапыда қалдырып, айнала тегіс жанып жатты. Атқа мінуге жарағаң еркек атаулы түгілі ересек балалар қолына ұрғыш алып, өртке кеткен. Өртке бармай қалған болашақ күйеу бала Ерсін екен. Ерсіннің ел түтінге қамалып жатқанда үй-үйді аралап қымыз ішіп, қатын-қалашпен қалжақтасып жүргені ертеңіндеақ ду етіп жұртқа жайылды. Мұны естіп Рахым шалқасынан түсті.

- Қызымды оған бермеймін.

- Қалыңын төлеп қойды ғой.

- Қайтып алсын. Анадай сүмелекке қызымды қор етпеймін. Жаумен жағаласа алмаған сүмелектен не абырой алмақпын. Онан туған жиендер не оңады. Жоқ, атамандар. Сәнгүл оған бармайды.

- Құда жағы келіп кетті. Рахым көнбеді. Ертеңіне төленген қалыңмалын айдап тастаған да, Сәнгүлді осы маңның бір жігітіне ұзатып жіберген.

- Сонда, деп ойлады. Алтынхан ақсақал, бұл өзі бала еді. Көзі көрді бәрін. Рахымды ешкім сөккен жоқ. Біраз торсаңдаған құда жағы «і» дегенде намысқа шауып, едіреңдесіп еді, сол елдің көпті көрген ақсақалдары тиып тастапты. Көргені сол әдепті жол еді. Мына кемпір не деп былшылдап отыр. Сонда қалай, ана Сүйінб...б ә, ә мына сүмелекке енді бұл қызын бермек пе.

- Ол, әлгі ... біздің Танагүлге... екеуі көңіл қосып..., - деп кемпір күбежектеген.

- Тәйт әрі. Тап бүгін ауылын ойламаған бейшара ертең қатын алып, бала-шағасының қамын жейді деп пе ең. - Алтекең қолын сілтеді.

- Заман солай ғой... Ендігінің...

- Жап аузыңды. Заманды адам жасайды. Заман деп енді Құдайды кінәләмақпысың. Ана сүмелек енді табалдырығымды аттамасын. Қу! Қу өзін.

- Енді не айтайын, - деп сасқан кемпірі қолы дірілдеп, жаулық астындағы шашын түзеді.

- Енді... енді... Әу, шал, болары болып қойыпты. Не дейді? - деп Алтынхан ақсақал сілейіп тұрып қалды. - Өртке шаппаған бейшара жау іргеден кіріп келген оған қарсы тұра ма. Намыстың сөнген жері елдің де өлген жері емес пе. Қайран елге мына сияқты мәжбүн, сұлу киінген сүмелек ие болғанда жетері не. Негр шапқан орыс қызы бес жылдан соң орысқа тисе де қазанның түбіндей қап-қара бала туыпты. Бұл зұлымдықтың ұрпаққа берілісі. Құдай солай жазалайды екен. Мына құдай аткаяннан... Ақсақал Танагүлді ойлап тіпті шошып кетті. Алла... Алла сүмелектен сұрқия, онан сумұрын тумасына кім кепіл.

